

Теледидар тұғыры

Нұсқаулар

SU-B551S
SU-B461S
SU-B401S

Қауіпсіздік туралы

Бұл өнімді сатып алғаныңыз үшін рақмет. Sony өнімдері қауіпсіздік талаптарын ескеріп жасалады. Өнімді дұрыс емес пайдалану өрт, ток соғу, өнімнің аударылып кетуі немесе құлап түсуі нәтижесінде ауыр жарақатқа алуға алып келуі мүмкін. Мұндай қайғылы жағдайларды болдырмау үшін міндетті түрде қауіпсіздік талаптарын орындаңыз.

Бұл пайдалану жөніндегі нұсқаулықта өнімді дұрыс ұстау әдістері мен қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін қажет маңызды қауіпсіздік шаралары көрсетілген. Міндетті түрде осы нұсқаулықты толығымен оқып шығыңыз және өнімді дұрыс пайдаланыңыз. Болашақта пайдалану үшін бұл нұсқаулықты сақтап қойыңыз.

Бұл өнімді өндіруші Sony Корпорациясы, 1-7-1 Конан Минато-ку Токио, 108-0075 Жапония. EMC және өнім қауіпсіздігінің рұқсаты бар өкілі Sony Deutschland GmbH, Хеделфингер Штрассе 61, 70327 Статгард, Германия. Барлық қызметтері мен кепілдік жөнінде бөлек қызметтер немесе кепілдік құжаттарында берілген мекен жайға хабарласыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Көрсетілген өнімдер

Бұл тұғыр төменде көрсетілген Sony өнімдерімен бірге пайдалануға арналған. Көрсетілген өнімдерді ғана орнатыңыз.

Келесі өнімдер ескертусіз өзгертілуі, болмауы немесе шығарылмауы мүмкін.

Сондай-ақ, нақты бір үлгілер кейбір аймақтарда сатылады.

	Сұйық кристалдық (LCD) түрлі-түсті
SU-B551S	KDL-55HX92x/55HX82x/55NX72x
SU-B461S	KDL-46HX92x/46HX82x/46NX72x
SU-B401S	KDL-40NX72x

* Нақты үлгі атауларында, «x» белгісі әр үлгіге сәйкес келетін сандарды және/немесе таңбаларды көрсетеді.

Идентификациялық белгінің орны

Үлгі нөмірінің белгісі теледидар тұғырының артқы жағында орналасады.

Теледидар тұғырын тастау



Утилизация отслужившего электрического и электронного оборудования (директива применяется в странах Евросоюза и других европейских странах, где действуют системы раздельного сбора отходов)

Данный знак на устройстве или его упаковке обозначает, что данное устройство нельзя утилизировать вместе с прочими бытовыми отходами. Его следует сдать в соответствующий приемный пункт переработки электрического и электронного оборудования.

Неправильная утилизация данного изделия может привести к потенциально негативному влиянию на окружающую среду и здоровье людей, поэтому для предотвращения подобных последствий необходимо выполнять специальные требования по утилизации этого изделия. Переработка данных материалов поможет сохранить природные ресурсы. Для получения более подробной информации о переработке этого изделия обратитесь в местные органы городского управления, службу сбора бытовых отходов или в магазин, где было приобретено изделие.

ЕСКЕРТУ

Егер келесі қауіпсіздік шаралары орындалмаса, бұл өрт, ток соғу немесе өнімнің аударылып кетуі нәтижесінде ауыр жарақат алуға немесе өлімге алып келуі мүмкін.


Теледидар тұғырының аударылып кетуін болдырмау үшін міндетті түрде тиісті шараларды қолданыңыз.

Егер тиісті шараларды қолданбасаңыз, теледидар құлап түсіп, жарақат алуға алып келуі мүмкін.

Аударылып кетуді болдырмау үшін теледидар тұғыры мен тіреуішті, т.б. бекітіңіз.


Теледидар тұғырын міндетті түрде тұрақты бетке орнатыңыз.

Теледидар тұғырын тұрақсыз бетке орнатсаңыз, ол балансын жоғалтып, аударылып кетуі немесе құлап түсуі мүмкін. Бұл жарақат алуға немесе мүліктің зақымдануына алып келуі мүмкін.



Теледидар тұғырына орнатылған теледидарға сүйенбеңіз немесе оған асылмаңыз.


Теледидар тұғыры аударылып кетіп немесе теледидар құлап, ауыр жарақат алуға немесе өлімге алып келуі мүмкін.



Теледидардың желдеткіш тесіктерін жаппаңыз.

Теледидардың желдеткіш тесіктері теледидардың сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін және оны қызып кетуден қорғау үшін қажет.

- Желдеткіш тесіктерді матамен немесе басқа материалдармен жаппаңыз.
- Желдеткіш тесіктерге сұйықтықтың төгілуін немесе қатты заттардың түсіп кетуін болдырмаңыз.



Сауыт немесе құмыра сияқты ішіне сұйықтық құйылған ыдыстарды теледидардың үстіне қоймаңыз.

Қуат желісі арқылы жұмыс істейтін теледидарды суға жақын жерде пайдаланбаңыз; мысалы, ваннаның, раковинаның, асханалық раковинаның, кір жуу раковинасының, ылғалды негіздің немесе бассейннің т.б. жанында.

Теледидарды тікелей күн сәулесі түсетін жер, жылытқышқа немесе жылу көзіне жақын жер сияқты жоғары температура болатын жерлерге орнатпаңыз.


Мұндай жағдайларда теледидар қызып кетіп, оның корпусы деформациялануы және/немесе теледидар істен шығуы мүмкін.

Теледидарды ауа тікелей кондицияланатын жерге орнатпаңыз.

Ылғал теледидардың ішінде конденсацияланып, теледидар істен шығуы мүмкін.

Ауаның дұрыс айналуын қамтамасыз ету үшін теледидардың айналасында жеткілікті кеңістік қалдырыңыз.


Теледидардың айналасында төмендегі суретте көрсетілгендей етіп жеткілікті кеңістік қалдырыңыз.



Құрылғының айналасында кемінде осындай кеңістік қалдырыңыз.

Айнымалы ток қуат кабелі

- Теледидарды үш сымды жерге қосу мүмкіндігі бар желілік штепсельді пайдаланып жерге қосатын қорғау байланысы бар желілік розеткаға қосыңыз.
- Тек Sony корпорациясынан алынған айнымалы ток қуат кабельдерін пайдаланыңыз, басқа брендтерді пайдаланбаңыз.
- Теледидарды теледидар тұғырына орнатқан кезде айнымалы ток қуат кабелінің немесе қосу кабелінің мыжылуын болдырмаңыз. Егер айнымалы ток қуат кабелі немесе қосу кабелі зақымдалса, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
- Теледидар тұғырын тасымалдаған кезде айнымалы ток қуат кабелін немесе қосу кабелін баспаңыз. Айнымалы ток қуат кабелі немесе қосу кабелі зақымдалып, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
- Айнымалы ток қуат кабеліне немесе қосу кабеліне сүрінсеңіз, теледидар тұғыры аударылып кетіп, жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Айнымалы ток қуат кабелін қабырға розеткасынан суырып алу теледидар тұғырын қуат көзінен толығымен ажыратады.



АЙНЫМАЛЫ ТОК АДАПТЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ


Ескерту

Өрт немесе ток соғу қаупін азайту үшін бұл құрылғыны жаңбырдың астында немесе ылғалды жерде қалдырмаңыз.

Өртті немесе ток соғуды болдырмау үшін сауыт сияқты ішіне сұйықтық құйылған ыдыстарды құрылғының үстіне қоймаңыз.

Бұл құрылғыны кітап сөресі немесе оған ұқсас жерлер сияқты жабық кеңістікте орнатпаңыз.

- Желілік розетканың құрылғының жанында орнатылғанына және оған оңай қол жеткізуге болатынына көз жеткізіңіз.
- Міндетті түрде берілген айнымалы ток адаптерін және айнымалы ток қуат кабельдерін пайдаланыңыз.
- Басқа айнымалы ток адаптерін пайдаланбаңыз. Ақау пайда болуы мүмкін.
- Айнымалы ток адаптерін оңай қол жеткізуге болатын желілік розеткаға қосыңыз.
- Айнымалы ток қуат кабелін айнымалы ток адаптеріне орамаңыз. Сым қиылып кетуі мүмкін және/немесе ол теледидардың дұрыс жұмыс істеуіне алып келуі мүмкін.
- Айнымалы ток адаптерін ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Егер айнымалы ток адаптерінен ақауды байқасаңыз, дереу оны желілік розеткадан ажыратыңыз.
- Желілік розеткаға қосылып тұрған кезде, құрылғының өзі өшірілсе де, ол айнымалы ток көзінен ажыратылмайды.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер келесі қауіпсіздік шаралары орындалмаса, бұл жарақат алуға немесе мүліктің зақымдануына алып келуі мүмкін.

Көрсетілген өнімнен басқа құрылғыны орнатпаңыз.

Бұл теледидар тұғыры тек көрсетілген өнім үшін пайдалануға арналған. Көрсетілгеннен басқа құрылғыны орнатсаңыз, ол құлап кетіп немесе сынып, жарақат алуға алып келуі мүмкін. Басқаша көрсетілмесе, бұл нұсқаулықта пайдаланылған суреттер KDL-40NX72x үлгісін көрсетеді.

Теледидарды міндетті түрде бекітіңіз.

Теледидарды теледидар тұғырына берілген бұрандаларды пайдаланып бекітіңіз. Егер теледидар берік орнатылмаса, ол құлап кетуі мүмкін немесе теледидар тұғыры аударылып, жарақат алуға алып келуі мүмкін.

Орнату жөніндегі ескертпелер

Теледидар тұғыры бұрыш жасап немесе көлбеу етіп орнатылмауы тиіс. Мұны болдырмау үшін келесі қауіпсіздік шараларын орындаңыз.

- Теледидар тұғырын төсем немесе кілем сияқты жұмсақ бетке орнатсаңыз, тиісті орынға алдын ала тақта қойыңыз.
- Теледидар тұғырын күн сәулесі тікелей түсетін жерге немесе қыздырғыштың жанына орнатпаңыз.
- Теледидар тұғырын ыстық немесе ылғалды жерде немесе сыртта орнатпаңыз.

Пайдалану жөніндегі ескертпе

Тазалау

Теледидар тұғырын таза ұстау үшін кейде оны құрғақ жұмсақ шүберекпен сыпырып тұрыңыз. Қатып қалған дақтарды жұмсақ сабынмен аздап ылғалданған шүберекпен сыпыру арқылы кетіруге болады. Тазаланған жерді міндетті түрде құрғақ жұмсақ шүберекпен сыпыру арқылы кептіріңіз. Еріткіш немесе бензин сияқты химиялық заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар теледидар тұғырының бетін зақымдайды.

Орнату жұмыстарын екі не одан көбірек адамдар орындауы керек.

Теледидарды теледидар тұғырына екі немесе одан көбірек адамдар орнатуы керек. Егер орнату жұмысын бір адам орындаса, бұл қайғылы жағдайға немесе жарақат алуға алып келуі мүмкін.

Теледидар тұғырын өзгертпеңіз.

Ол құлап түсіп, жарақат алуға алып келуі мүмкін.

Теледидарды міндетті түрде нұсқауларға сәйкес берік етіп орнатыңыз.

Бұрандаларды мықтап тартыңыз. Егер теледидар берік етіп орнатылмаса, ол құлап түсіп, жарақат алуға алып келуі мүмкін.

Құрастыру кезінде қолыңызды немесе саусақтарыңызды жаралап алмаңыз.

- Теледидар тұғырын оның мойын бөлігінен ұстап жылжытпаңыз.
- Теледидарды орнату кезінде саусақтарыңызды немесе қолыңызды жаралап алмаңыз.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Қуат көздері туралы

- Теледидар тұғырын ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, теледидар тұғырын қабырға розеткасынан ажыратыңыз. Айнымалы ток қуат кабелін ажырату үшін штепсель ашасын ұстаңыз; ешқашан кабельді тартпаңыз.
- Айнымалы ток қуат кабелін тек арнайы жөндеу шеберханасында ауыстырыңыз.

Пайдалану туралы

Басқа компоненттерді қосудан бұрын теледидар тұғырын міндетті түрде өшіріңіз және штепсель ашасын розеткадан шығарыңыз.

Авторлық құқықтар

Бұл теледидар тұғырында Dolby* Digital және Pro Logic Surround және DTS** Digital Surround жүйесі бар.

* Dolby Лабораториясы лицензиясымен өндірілген. Dolby, Pro Logic және қос-D белгілері Dolby Лабораториялары сауда белгілері.

** Лицензия бойынша өндірілген, АҚШ патенті: 5451942; 5956674; 5974380; 5978762; 6487535 және басқа шығарылған және күтілген АҚШ және дүние жүзілік патенттер. DTS және Symbol тіркелген сауда белгілері болып табылады және DTS Digital Surround және DTS логотиптері DTS, Inc. сауда белгілері болып табылады. Өнімнің құрамына бағдарламалық құрал кіреді. © DTS, Inc. Барлық құқықтары қорғалған.

Бұл теледидар тұғырында ажыратымдылығы жоғары мультимедиа интерфейсі (HDMI™) технологиясы бар.

HDMI, HDMI Логосы, және Жоғары-Анықтық Мультимедиа Байланыстырғыш АҚШ-тағы немесе басқа елдердегі HDMI Лицензиялау LLC сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

«BRAVIA» Sony корпорациясының сауда белгісі болып табылады.



Теледидар тұғырын картон қораптан шығарып алу жөніндегі ескертпе

Теледидар тұғырын міндетті түрде ұстап тұрыңыз және оны абайлап ұстаңыз.

ЕСКЕРТУ









Егер айнымалы ток қуат кабелі құрылғы бөлшектерінің астында немесе арасында қалып мыжылса, қысқа тұйықталуға немесе ток соғуға алып келуі мүмкін. Айнымалы ток қуат кабеліне немесе қосу кабеліне сүрінсеңіз, теледидар тұғыры аударылып кетіп, жарақат алуға әкелуі мүмкін.

**1-қадам:
Бөлшектерді тексеру**

Орнату орнын анықтаңыз және теледидарды орнатудан бұрын теледидар тұғырын қойыңыз.

Теледидар ауыр болғандықтан, орнату орнын алдын ала таңдаңыз және теледидар тұғырын сол жерде құрастырыңыз.

Үстел-үсті тұғырды теледидардан шығарып алу туралы мәлімет алу үшін теледидармен бірге берілген пайдалану жөніндегі нұсқауларды қараңыз.

Атауы	Саны
Тұғыр 	1
Артқы қақпақ L* 	1
Артқы қақпақ R* 	1
Қосылыс 	1
Мойын 	1
Мойын спейсері** 	1
Теледидар тұғырының мойнын бекітетін бұранда (PSW5 × 16) (× 3) Қосқыш бұранда (PSW5 × 16) (× 3) 	6
Мойын бұрандасы (PSW4 × 12) 	4
Айнымалы ток адаптері (ACDP-001)	1
Айнымалы ток қуат кабелі	
Жылдамдығы жоғары HDMI кабелі	1
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1
Кепілдік картасы	


* Тек SU-B551S үлгісі үшін.

** Тек SU-B551S/461S үлгілері үшін.

2-қадам: Теледидарды орнату

Құрастырудан бұрын


- Құрастырудан бұрын бұрандаларға сәйкес келетін Phillips бұраушының бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Электр бұраушыны пайдалансаңыз, бұрау моменті шамамен 1,5 Нм (15 кгк·см) болуы тиіс.




1 Мойын спейсерін теледидар тұғырына орнатыңыз.

Мойын спейсері мойын мен теледидардың биіктігін реттеу үшін пайдаланылады. Мойын спейсерін міндетті түрде бекітіңіз.


Тек KDL-55HX82x/46HX82x/55NX72x/46NX72x үшін:



2 Мойын мен мойын спейсерін (тек KDL-55HX82x/46HX82x/55NX72x/46NX72x үшін) теледидар тұғырына төрт мойын бұрандасымен (PSW4 × 12) (берілген) бекітіңіз.




3 Теледидарды тасымалдаған кезде, оны төменде көрсетілгендей етіп ұстаңыз.



4 Берілген қосылысты теледидардың артқы жағына үш бұранданың (PSW5 × 16) (берілген) көмегімен бекітіңіз.

Бекіту үшін берілген қосылысты жоғарыға жылжытыңыз.




- Шығарылған бұрандаларды сақтап қойыңыз.
- Үстел-үсті тұғырды дисплейден шығару кезінде, дисплейді өлшемі дисплейден үлкен тұрақты жұмыс бетіне бетін төменге қаратып қойыңыз.
- Сұйық кристалдық дисплейдің бетін бүлдіріп алмау үшін жұмыс бетіне жұмсақ мата төсеңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Дисплейдің бетіне қысым түсірілсе немесе соққы тисе, сұйық кристалдық дисплей сынуы немесе зақымдануы мүмкін.
 - Дисплейді тұрақты және тегіс бетке бетін төменге қаратып қойыңыз, үстел-үсті тұғыр беттің шетінен шығып тұруы тиіс.
- Дисплейдің беті мен үстел-үсті тұғырдың табаны бір тегіс бетте орналасса, тұрақсыз жұмыс жағдайы пайда болады және дисплей зақымдануы мүмкін.


5 Теледидарды теледидар тұғырына орнатыңыз.

Теледидарды теледидар тұғырының ойығына салу арқылы орнатыңыз.




← Көрсеткіш белгі теледидар тұғырының алдыңғы жағын көрсетеді.

6 Теледидар мен теледидар тұғырын теледидар тұғырының мойнын бекітетін үш бұрандамен (PSW5 × 16) (берілген) бекітіңіз.



Теледидар тұғырының мойнын бекітетін бұранда (PSW5 × 16)


7 Артқы қапқты теледидар тұғырына бекітіңіз. (Тек SU-B551S үлгісі үшін)



Артқы қапқақ

8 Кабельдерді байлау.

Теледидармен бірге берілген кабель қысқышты пайдаланыңыз.





- Айнымалы ток қуат кабелін басқа кабельдермен бірге байламаңыз.

3-қадам: Аударылып кетуді болдырмауға арналған қауіпсіздік шаралары

ЕСКЕРТУ

Теледидар тұғырының аударылып кетуін және жаракат алуды және зақымдануды болдырмау үшін міндетті түрде тиісті шараларды қолданыңыз.




- 1 Ағашқа арналған бұранданы (диаметрі 4 мм, берілмеген) тақтаға бекітіңіз.
- 2 Бекіту бұрандасын (M4 × 16, берілмеген) теледидар тұғырының бұрандаға арналған тесігіне бекітіңіз.
- 3 Ағашқа арналған бұранда мен бекіту бұрандасын мықты жіппен (берілмеген) байлаңыз.

4-қадам: Теледидар мен ойнатқышты қосу

HDMI IN 1 ұяшығы бар теледидарды теледидар тұғырына HDMI кабелі арқылы қосыңыз.

Sony «BRAVIA» Sync функциясымен үйлесімді компоненттерді HDMI кабельдері арқылы қосқанда, теледидар үшін «Control for HDMI (HDMI құрылғыларын басқару)» функциясын орнатқанда жұмысты жеңілдетуге болады.



- Жеке компьютерді HDMI кабелімен қоспаңыз.
- Теледидар тұғыры «Дыбыс қайтару арнасы (ARC)» функциясымен үйлесімді. Егер теледидар тұғырын ARC функциясымен үйлесімді теледидардың HDMI IN 1 ұяшығына HDMI кабелі арқылы қоссаңыз, теледидарды теледидар тұғырына сандық оптикалық кабельмен қосу қажет емес.
- Егер ол ARC функциясымен үйлесімді болса, теледидардың HDMI ұяшығының (сокетінің) жанында «ARC» әріптерін көруге болады. HDMI кабелін сокетке жалғасаңыз да, егер HDMI кіріс ұяшығы (сокеті) ARC функциясымен үйлесімді болмаса, ARC функциясын пайдалана алмайсыз.
- ARC функциясы «Control for HDMI (HDMI құрылғыларын басқару)» функциясы қосылғанда ғана қол жетімді болады.




- Теледидар тұғыры өшірілсе де (белсенді күту режимі), HDMI сигналы қосылған компоненттен теледидарға HDMI байланысы арқылы жіберіледі. Теледидарда компоненттен кескін мен дыбысты пайдалануға болады.

HDMI байланыстары жөніндегі ескертпелер

- Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін пайдаланыңыз. Стандартты HDMI кабелін пайдалансаңыз, 1080p, Deep Colour (Қанық түс) немесе 3D кескіндері дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- HDMI кабелін пайдалануды ұсынамыз.
- Егер кескін нашар болса немесе HDMI кабелі арқылы қосылған компоненттен дыбыс шықпаса, қосылған компоненттің орнатылуын тексеріңіз.
- HDMI ұяшығынан (сокетінен) жіберілген дыбыс сигналдары (жіберу жиілігі, биттік ұзындық, т.б.) қосылған компонент тарапынан басылуы мүмкін.
- Жіберу жиілігі немесе ойнату компонентінен алынатын дыбыс шығыс сигналдарның арналар саны ауыстырылғанда дыбыс үзілуі мүмкін.
- Қосылған компонент авторлық құқықты қорғау технологиясымен (HDCP) үйлесімді болмаса, HDMI теледидар шығысы сокетінен шығатын кескін және/немесе дыбыс бұзылуы немесе шықпауы мүмкін. Мұндай жағдайда, қосылған компоненттің сипаттамасын тексеріңіз.
- HDMI-DVI түрлендіру кабелін пайдалануды ұсынбаймыз.
- Бұл жүйе Deep Colour, «x.v.Colour» және 3D берілуді қолдайды.

5-қадам: Айнымалы ток қуат кабелін қосу

Теледидар тұғырының айнымалы ток адаптерінің айнымалы ток қуат кабелін қабырға розеткасына қосудан бұрын, барлық компоненттерді және теледидарды теледидар тұғырына қосыңыз.



- Теледидар тұғырын оңай қол жеткізуге болатын электр розеткасына қосыңыз. Теледидар тұғырында ақау байқалса, желілік штепсельді электр розеткасынан дереу ажыратыңыз.

6-қадам: Теледидардың параметрлерін орнату

❶ «Control for HDMI (HDMI құрылғыларын басқару)» функциясын «On (Қосу)» күйіне орнатыңыз.

Теледидардың қашықтан басқару пультіндегі HOME түймесін басып, мәзірді былай таңдаңыз;

🗑 Settings (Параметрлер) > 📺 External Inputs (Сыртқы кірістер) > HDMI Set-up (HDMI орнату) > Control for HDMI (HDMI құрылғыларын басқару) > On (Қосу)

❷ «Speakers (Динамиктер)» мәзірінде «Audio System (Дыбыс жүйесі)» күйіне орнатыңыз.

Теледидардың қашықтан басқару пультіндегі SYNC MENU түймесін басып, мәзірді былай таңдаңыз;

Speakers (Динамиктер) > Audio System (Дыбыс жүйесі)




- ❶- және ❷-процедуралар үшін параметрлер орнатылғаннан кейін, **I** (қуат) индикаторы жасыл болып жанады.



• Scene Select (Көрініс таңдау) режимі

Бұл теледидар тұғыры теледидардың дыбыс параметрлерімен автоматты түрде синхрондалады және таңдалған көрініс үшін қажетті дыбысты таңдау үшін «Scene Select (Көрініс таңдау)» функциясымен бірге жұмыс істейді.

Дыбысты өзгерту үшін теледидардың дыбыс параметрлерін өзгертіңіз.



• Position Control (Орынды басқару)

Егер теледидардың «External Device Control (Сыртқы құрылғыны басқару)» параметрін «On (Қосу)» күйіне орнатсаңыз, бұл теледидар тұғыры сол және оң жақтағы динамиктердің арасындағы дыбыс балансын көру орнына сәйкес реттейді. (Теледидар параметрі) «Position Control (Орынды басқару)» параметрін орнату үшін HOME түймесін басыңыз, кейін былай таңдаңыз:

🗑 > System Settings (Жүйе параметрлері) > Position Control (Орынды басқару) > қажетті параметр.

Ақауларды жою

Дыбыс

Дыбыс жоқ:

- HDMI кабель байланысын тексеріңіз.
- 6-қадамда «Control for HDMI (HDMI құрылғыларын басқару)» және «Audio System (Дыбыс жүйесі)» үшін параметрлерді тексеріңіз (11-бет).

Құлақаспаппен пайдалану:

- «Speakers (Динамиктер)» параметрінде «Audio System (Дыбыс жүйесі)» параметрін «TV Speakers (Теледидар динамиктері)» күйіне ауыстырыңыз.

Теледидардың сандық берілуінің қос дыбысымен пайдалану:

- Берілуге қарай, дыбыс ауыстырылмайды. Теледидардың «Optical Out (Оптикалық шығыс)» параметрін «Auto (Авто)» күйінен «PCM» күйіне ауыстырыңыз.

Қос дыбыс үшін сыртқы құрылғымен бірге пайдалану:

- Егер дыбысты ауыстыру мүмкін болмаса, PCM параметрін іске қосу үшін сыртқы құрылғының дыбыс шығысы параметрін ауыстырыңыз.

Индикатор

Теледидар қосылса да, теледидар тұғырының


I (қуат) индикаторы жанбайды:

- Айнымалы ток адаптерінің айнымалы ток қуат кабелінің қабырға розеткасына қосылғанын тексеріңіз.
- Техникалық қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.

Жыпылықтау **I** (қуат) индикаторы қызыл:

- Өнімде ақау пайда болған болуы мүмкін. Жарық диодының қанша рет жыпылықтайтынын тексеріп, Sony техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Индикатор



1 I (қуат) индикаторы

Былай жанады:

Жасыл: Теледидар тұғыры қосылған. («Audio System (Дыбыс жүйесі)» «Speakers (Динамиктер)» күйіне орнатылған.)

Өшіру: Теледидар тұғыры күту режимінде немесе өшірілген.

2 Дыбыс форматының индикаторлары


Теледидар тұғырына беріліп жатқан дыбыс форматына сәйкес жанады.

D: Dolby Digital

DTS

PLII: Dolby Pro Logic II

Техникалық сипаттама



		SU-B551S	SU-B461S	SU-B401S
Өлшемдері: см	А	10,2	11,8	11,0
	В	19,0	15,9	15,1
	С	127,6	107,9	94,4
	D	55НХ92х: 79,6	46НХ92х: 68,6	—
		55НХ82х: 79,8	46НХ82х: 68,7	—
55НХ72х: 79,7		46НХ72х: 68,7	40НХ72х: 61,2	
Е	29,2	27,7	26,1	
Тұғырдың салмағы:		6,3 кг	5,6 кг	4,9 кг

Күшейткіш бөлімі

Номиналдық шығыс қуаты

Алдыңғы: 10 Вт + 10 Вт, (бір арна үшін) 8 Ом, 1 КГц, THD (жалпы гармоникалық бұрмалану) 1%-дан аз
Сабвуфер: 20 Вт, 6 Ом, 100 Гц, THD (жалпы гармоникалық бұрмалану) 1%-дан аз

HDMI бөлімі

Коннектор
Бейне кірістері/
шығыстары

HDMI™ коннекторы
720 × 480p (60 Гц) 16:9
1280 × 720p (60 Гц) 16:9
1920 × 1080i (60 Гц) 16:9
1280 × 720p (50 Гц) 16:9
720 (1440) × 480i (60 Гц) 4:3
720 (1440) × 480i (60 Гц) 16:9
720 (1440) × 576i (50 Гц) 4:3
720 (1440) × 576i (50 Гц) 16:9
1920 × 1080p (60 Гц) 16:9
720 × 576p (50 Гц) 16:9
1920 × 1080i (50 Гц) 16:9
1920 × 1080p (50 Гц) 16:9
1920 × 1080p (24 Гц) 16:9
1920 × 1080p (30 Гц) 16:9
1280 × 720p (24 Гц) 16:9
1280 × 720p (30 Гц) 16:9

Бейне кірістері/
шығыстары (3D)

Қанық түс: 30 бит/36 бит
1280 × 720p@59,94/60 Гц
Кадрды қысу
1920 × 1080i@59,94/60 Гц
Кадрды қысу
1920 × 1080i@59,94/60 Гц
Қатар (Жарты)
1920 × 1080p@59,94/60 Гц
Қатар (Жарты)
1280 × 720p@50 Гц
Кадрды қысу
1920 × 1080i@50 Гц
Кадрды қысу
1920 × 1080i@50 Гц
Қатар (Жарты)
1920 × 1080p@50 Гц
Қатар (Жарты)
1920 × 1080p@24 Гц
Кадрды қысу
Қанық түс: 30 бит/36 бит

Дыбыс кірістері

Сызықтық импульстік-кодтық модуляция 2арна/5.1арна/7.1арна
Dolby Digital
DTS
Әрбір сигнал 32, 44,1, 48 КГц-ке сәйкес.

Динамиктер

Алдыңғы динамик құрылғысы

Динамиктер 2-жолды 2-драйверлі, Бас рефлекс түрі
Динамик Вуфер: 30 × 100 мм конус тәрізді ×1
құрылғысы Твитер: 30 мм конус тәрізді

Сабвуфер құрылғысы

Динамиктер Сабвуфер, Бас рефлекс түрі
Динамик 70 мм конус тәрізді
құрылғысы

(Жалғасы бар)

Жалпы деректер

Қажет қуат 100 – 240 В, 50/60 Гц

Қуат шығыны

Қосу: 12 Вт

Күту режимі: 0,7 Вт

- Күту режиміндегі қуат шығыны: 0,7 Вт
- Кейбір баспа тақталарында өртті басатын галогенді заттар пайдаланылмайды.
- Күшейткіш блогының өнімділігінің 85%-дан астамы толық сандық S-Master күшейткішімен орындалады.

Дизайны мен техникалық сипаттамасы ескертусіз өзгертіледі.

